**Түсіндірме жазба**

05.01.2025ж. Қызылорда қаласы

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы» ЖШС-гі *(бұдан әрі-Тапсырыс беруші)* мен «ПСК Qabylet» ЖШС-гі *(бұдан әрі-Өнім беруші)* арасында жүргізушімен жеңіл автомобильдерді жалдау бойынша қызмет туралы 15.01.2024 жылғы № 1 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып *(бұдан әрі -Шарт)*, шартты мерзімі 31.12.2024 жылға дейін.

Кәзіргі таңда, тапсырыс беруші тарапынан ағымдағы жылға жүргізушімен жеңіл автомобильдерді жалдау бойынша қызметін көрсету туралы мемлекеттік сатып алу ашық конкурс бойынша жеңімпаз анықталмаған.

Тапсырыс беруші тарапынан өнім берушіге өткен жылы жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын екі айға ұзартуды сұрап 30.12.2024ж. №04-1525 шығыс хаты жолданған.

Алайда, өнім берушінің тапсырыс берушіге 31.12.2024 жылғы №15/24 жауабында, шартты ұзартуға бас тартатынын хабарлаған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабының 3-тармағының 35) тармақшасына сәйкес, Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады.

Осы тармақша өнім беруші өткен жылы жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырылмай қолданылады делінген.

Осыған сәйкес, тапсырыс беруші қызметінің бір қалыпты тұрақты қызмет атқару үшін, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден ғимараттарды жалдау тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу қажет деп есептеймін.

**Директордың орынбасары** **И. Қуанышев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
*«ПСК Qabylet»*
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Проектно-строительная компания
Qabylet

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
*«ПСК Qabylet»*

*РК. г. Кызылорда, ул.Б.Жокенов, 6. тел/факс 87051811882 БИН/ИИН 210140030761; эл.почта: sqa1120@mail.ru*

**Шығ /Исх №15/24 31.12.2024ж./г.**

**«Қызылорда» өңірлік**
**инвестициялық орталығы»**
**микроқаржылық ұйымы»**
**ЖШС-нің басшысы**
**А. Матаевқа**

Сіздің, 15.01.2024 жылғы №1 ғимаратты жалға алу туралы шартты ұзарту туралы 31.12.2024ж. №04-1525 шығыс хатыңыз, құжаттарды зерделеу арқылы қаралып, шартты 2025 жылға ұзартудан бас тартатынымызды хабарлаймын.

**Директор ТОО "ПСК Qabylet"** **Сисенбеков Қ.**